



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

5. Аманжолов К., К.Рахметов.«Түрік халықтарының тарихы».Алматы, 1996.

УДК 993 (29.297)

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ДІНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫ

Ахатаева Баян Орынбасаровна

magtarih@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, тарих факультетінің 2 курс
магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – К. Сейтказина

Халқымыздың діни - философиялық ой пікірлерін зерттеу XX ғасырдың бірінші жартысында жаңа қарқын ала бастады. Дегенмен, қоғамдық ойды сол кезеңдерге тән таптық тұрғыдан зерттелуі біржақты көзқарастың қалыптасуына әсер етті.

Түркі тайпалары негізінде қалыптасқан, ежелден тарихы бар іргелі халықтардың бірі қазақ халқының аса бай рухани мұрасы бар. Бұл мұраның негізінде діни-философиялық ой-тұжырымдар қалады. Халқымыздың ақындары мен жыраулары, билері мен батырлары, хандары мен әскербасшылары, серілері мен саясаткерлері өздері өмір сүрген заманның қоғамдық құбылыстарын түрлі деңгейде тұжырымдап көрсете білді. Осының барлығы қазақ халқының философиялық ойлау жүйесін қалыптастырды.

Нәтижесінде дүниені, дінді тану және басқа да еркін ойлау процестерін, моральдық мәселелер мен адам туралы ілімдерді әрбір тарихи кезеңнің ел аузына қараған ағалары өздері өмір сүрген қоғамдық ортаға лайықты қалыптастыра білді.

Қазақ халқының діни-философиялық мәдениетіне зор үлес қосқан ойшылдардың бірі - Шәкәрім Құдайбердіұлы. Шәкәрімнің діни-философиялық көзқарасы - ұлттық философияның қалыптасуына игі әсерін тигізген құнды мұра болды. Ойшылдың «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты», «Үш анық» деп аталатын еңбектері гуманистік және адамгершілік құндылықтарды, демократиялық ағартушылық идеяларды насихаттайтын мұра. Шәкәрімнің еңбектерінде өзі өмір сүрген дәуірдің қоғамдық көріністері, ақыл – ой ізденістері, талғамды тұжырымдары көрініс береді. Оның ізгі арманы қазақ қоғамының рухани кемелденуі, жастардың ғылым – білімге, өнерге ұмтылуына себепкер болу, соған баулу болды.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық шарты»атты еңбегі 1911 жылы Орынбор қаласында басылып шықты. Осы еңбегінде Шәкәрім ислам туралы көбірек толғайды. Атап айтқанда, мұсылман дінінің негізгі қағидаларын, иман, ғибадаттарын қазақ тілінде халыққа түсінікті етіп жазуды мақсат қылған. Бірінші, ақын иман шарттарына тоқталған. Ол Аллаһ Тағаланың хақтығына ақылмен ойлап иман келтіруге ерекше мән бере отырып түсіндірме жасаған. Өзінің пікірлерін Құраннан аяттарынан, ғұламалардың пікірлерінен мысал келтіре отырып негіздеп, дәлелдеген. Сонымен қатар, адам кәлима айтқанмен, егер оның мазмұн, мағынасын түсінбесе, ол амалы иманға есеп емес екендігін ескертеді. Мұсылман шарттарының ішінде Аллаһқа, оның бірлігіне, Пайғамбарларына, періштелерге, Алланың Пайғамбарларына жіберген қасиетті кітаптарына, ақырет күніне, жақсылық, жамандықтың бір Алладан екендігіне және ақыретте қайта тірілу үшін иман келтірудің әр-қайсысына жеке-жеке тоқталады.

Сол кезеңдерде қазақ қоғамына Құранның татарша немесе ноғайша құсқасы ғана колжетімді болғандықтан, Шәкәрім Құран аяттарын қазақ тіліне аударып отырып түсіндіреді. Ақиқатты Алланы шүбәсіз тану деп түсіндіретін Шәкәрім ақиқаттың не екендігін түсінбеген адам міндетті түрде өзі ізденіп, яки сұрап білудің қажеттігін айтады.

Осы турасында Құраннан аяттармен дәлеледей отырып, «Ақиқат туралы білмегені болса, кешікпей сұрап білмек» деп үнемі ақиқатқа көз жеткізбек мақсатында ізденуге шақырады.

Сонымен қатар, жан мәңгі, тән уақытша екендігін ескерте келіп, ажал туралы, Аллаға қайту туралы, қабырдағы жауап алу туралы да айтып өтеді. Күллі мұсылмандарды, адамзатты көп болуға себепкер күнелерден тыйылу керектігін ескертеді.

«Адам өзін таныса, құдайды да танымақ» деп арнайы тоқталып, өзін-өзі танудың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Көре білу қабілеті, Алла бәрін көруші, ести білу қабілеті Алла бәрін естуші, жасай білу қабілеті Алла бәрін жаратушы, т.с.с қабілеттердің барлығының Алланы тану үшін берілгендігін таратып айтқан. Өзін өзі тану мәселесі әруақытта да өзекті.

Шәкәрім өзінің еңбегінде Ислам дінін әр мұсылман білуге тиісті қағида деп танытып, ережелерін қарапайым халыққа түсінікті тілде шарифатқа сай жазған. Ақиық ақын, ойшыл Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты» еңбегі- Алматы қаласында «Қазақстан» баспасында 1993 жылы қайта жарық көрді. Осы ретте профессор М.Мырзахметов кітапқа кіріспе мақала жазып, еңбектің ғылыми құндылығын, тарихи маңызын атап көрсеткен болатын.

Қазақ халқының тарихи тағдыры үлкен сынға түскен жылдары жазылған Шәкәрімнің «Үш анық» трактаты оның 28 жылдық еңбегінің қорытындысы. Бірінші дүниежүзілік соғыс, бірінші орыс революциясы, ақпан, қазан революциялары және тағы да басқа әлеуметтік-саяси оқиғалар қазақ жеріне қатты әсерін тигізді. Осы қиын қыстау кезеңдердегі халықтың басына түскен нәубетке Шәкәрім немқұрайлы қарай алмады. Халқының болашағы қатты ойландырған Шәкәрім елдің басына түскен осындай қиындықтардан шығу жолдарын топшылап, меңзеді, халықты қалай құтқаруға болатындығы туралы көп ойланды.

1991 жылы еліміз егемендік алып, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып жатқан уақытта «Үш анық» Алматы қаласында алғаш басылып шықты. Бұған дейін аталған еңбектің бірнеше нұсқалы қолжазбасы бола тұра, қазақ баласының қолына алып оқуға мүмкіншілігі болмады. Жойылып кетуден аман қалған қолжазбаның екі нұсқасы салыстырыла отырып, Қазақ ССР ғылым Академиясы, М.О.Әуезов ат. әдебиет және өнер институтында, филология ғылымының кандидаты А.Сейдімбековтың редакциялауымен қайта қалпына келтірілген болатын. Осы кітапқа пікір білдірген филология ғылымының докторы Мекемтас Мырзахметов «Осы арқылы Шәкәрім, біріншіден, затшылдық ғылым жолындағы таным мен, екіншіден, дін жолындағы теологтардың дүниетанымы бірінші, екінші анық деп көрсетеді де:

Іздедім, таптым анығын,

Тастадым екі танығын» деп өзі ғұмыр бойы шарқ ұрып ізденіп тапқан жолы үшінші анықты ұсынады. Ол – ұждан» дей келе, өз ойын төмендегідей қорытады: «...адамгершілік тәрбиеге шешуші мән бермейінше, ендігі жерде қоғамның өмір сүруі екіталай екі талай...» Шәкәрімнің бұл еңбегі репрессияға ұшырауына байланысты жарты ғасырдай оқырманына жетпеді. Шәкәрімнің мол рухани мұрасы халыққа қайта оралған 90-шы жылдарда оның бағасы XIX ғ. мен XX ғасырдағы қазақ даласының философиялық ойының биік шыңы деп бағаланды.

Ойшылдың «Үш анық» трактатындағы негізгі сұрақ «Ақиқат деген не?», оған өзі «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң біртүрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім» деп анықтама береді. Жанның ең негізгі өтелуге тиіс қажеттілігі ол – ұждан. «Адамның нысап, әділет, мейірім – үшеуін қосып, мұсылманша айтқанда, ұждан, орысша айтқанда совесть бар» деп түсіндіреді. «Өмірдің мәні не?» – деген сұраққа жауап іздегенде ол тек көне ойшылдардың еңбектеріне ғана жүгінбей, сонымен қатар жаңа дәуірдің діни және философиялық әдебиеттерін саралады, көп ізденді, терең зерттеді.

Шәкәрім ар – ұжданды адамгершілік этикалық тұрғыдан ғана емес, оны философиялық категория ретінде, әлем құрылымының, оның мәнінің негізі болатын субстанция ретінде қарастырған.

Нәтижесінде ақын ғұлама адамның рухани өсуіне мықты тірек, бағыт беретін бағдаршам ретінде аса қажет болатын үш анықты атайды:

- Бірінші – мәңгі өзгерістегі әлемдегі барлығына себепші жаратушы ие.
- Екіншісі – адам өлген соң, одан әрі тазарып, жоғарылайды, өздігінен өмір сүреді.
- Үшіншісі – жанның жоғарылап, тазаруы үшін адам ұжданға сай арлы өмір сүруі керек.

Шәкәрім адамдарды осыған шақыра отырып, берілген талаптар бойынша әрбір адам өмір сүрсе, қоғамда бәрі өзінің орнымен дамиды деп топшылайды.

Барша дүниені тануға, білуге себепкер бір ғана нәрсе бар, ол - таза ақыл деп түсіндіреді ақын. Осы таза ақылдың арқасында адам абстрактіні меңгерді, ақты қарадан, жақсыны жаманнан, тазалықты кірден, сұлулықты ұқыпсыздықтан, пайдаланы зияннан ажыратуға болады. Себебі, Шәкәрімнің дүниетанымында адамның жануардан айырмашылығы да осы таза ақылы мен жанында. Адамның жаны, рухы ол туылғанда егілген дән сияқты жүрегінде болады да қолайлы жағдай жасалған кезде ғана шайқалып өсіп, көркейе түседі, ашылады.

Ақыл деген – денеге егулі дән

Суарса кіреді оған да жан.

Адамның сыртқы дене жаралысы,

Нәпсісі айуанмен анық теңдес.

Бөлектігі – жалғыз – ақ таза ақылда,

Әлің келсе, жол тапта соны емдес!

Бұл жерде ақынның айтпағы не? Ол нені меңзейді? Менің ойымша, Шәкәрім түсінігіндегі адамзаттың танымдық психологиялық қабілеті оның жан шарапатының арқасында қалыптасады, дамиды. Адамның жан – жануалардан айырмашылығы да осында, яғни, тануға, білуге құштарлық, ақиқатқа жету, сол үшін іздену. Адам өзге тіршілік иелерінен осындай айрықша қасиеттерімен ерекшеленеді. Жан адамға күш беретін дене мүшелерінің арқасында өмір сүреді. Шәкәрім діни-философиялық дүниетанымы бойынша, Кеңістік пен Жан ұғымдары макро және микро ғарыштардың пайда болуының негізі болып табылады. Сондықтан да философ ақын бұл екі ұғымдарды бірінші сатыға қояды.

Ақынның пайымдауынша тіршілік біткеннің негізін жан, сезім және ақыл құрайды. «Жан» мен «тән» мәселе ретінде әлемнің философ-ойшылдарын ықылым замандардан ойландырған мәңгі сұрақ. Осы сұрақтың төңірегіндегі ой – пікір, талас нақты шешімін таппай келген сұрақтар болып табылады. Адам – әлемнің басты сұрағы, негізгі жұмбағы. Олай болса, адам немесе оған қатысты жан проблемасы, жанға қатысты тән проблемасы әлде де келешек ұрпақтың жауап іздер сұрағы болмақ. Заманның өзгеруіне, түсінігіне орай айтылатын бұндай ұғымдар әлі талай өзгеріп – құбылатыны анық.

Жан мен тән туралы айтар болсақ, тән туралы жанға қарағанда түсініктірек екені даусыз. Материалист ғалымдар жанды аса мойындай бермейді, жоқ деп баға береді, яғни жан олар үшін метафора. Тіпті физиолог ғалымдардың жанды қан айналымы деп түсіндіретіні бар. Жанды мойындамау ойды мойындамау деп түсіндіреді Шәкәрім. Жан қазіргі таңда психология ғылымының жан жақты зерттеу тақырыбына айналғаны мәлім. Платонның пікірінше жан, оның шын мәнінде бар болуы ол субстанция. Яғни жанның бар болуы ол шындық, дегенмен көзге көрінетін материалдық шындық емес. Мәселенің күрделілігі мен қиындығы да сонда.

Шәкәрім сусындаған Абай ақын «хайуанда бар жан мен тән» дейді. Ибн Сина өз еңбектерінде «өсімдік жаны, хайуан жаны» деп атап көрсетеді. Яғни, Шәкәрім Құдайбердіұлының діни философиялық дүние танымындағы жан және тән мәселелері

туралы айтқанда, бұл тақырыптың тың емес, әріден бастау алатынын, өзара сабақтастығы бар сұраққа жауап іздеу үдерісі екендігін түсіндіру, әңгімені жалғастыру. Шәкәрім де өз тарапынан жан мен тән туралы айтылған мол ойларды жинақтап, шындыққа көз жеткізуге, ақиқатын саралауға тырысқан, оның жауабын тек ғұламалардың еңбектерінен емес, исламнан іздеген ойшыл.

Ұлы Абайдың дүниетанымында «жан ол – мен», тән – менікі. Уақыты шектеулі, өлетін, жойылатын «менікі» тән болса, мәңгі ақиқат, өлмейтін шындық, «мен» ол - жан. Абайдың өлең жолдарында:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,

Ол бірақ қайтіп келіп, ойнап күлмес.

«Мені» мен «Менікі»-нің айырылғанын

Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес.

Ақын Абай «жанды» «Көп тұман алдындағы келер заман» - деп басталатын өлеңінде былай деп түсіндіреді:

Ақыл мен жан мен өзім, тән менікі,

«Мен» мен «менікінің» мағынасы екі.

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,

«Менікі» өлсе - өлсе, оған бекі.

Абайша айтқанда «мен», яғни жан ақылмен бірге, демек, мәңгі өлмейтін тек жан емес, ақыл да өлмейтұғын. Ол тірі адамды «мен» және «менікі» деп, екі бөліктен тұратын біртұтас ретінде қарастырған.

Материализм ғылымды тек біржақты түсіндіреді, кей жағдайда ғылымның дәрмені әзір келмейтін, жауап бере алмайтын сұрақтар бар. Ғылымның өзі сан ғасырлар бойы сабақтаса жалғасатын ізденіс, ерен еңбек екенін ескерсек, әлі жауабы табылмаған сұрақтардың болуы табиға заңдылық. Әзір, (мүмкін ешуақытта) ғылым сырын аша алмаған құпияның бірі ол – жан.

Жанмен салыстырғанда тәнді зеттеу зерттеу қолайлы, оны биология, физиология, медицина ғылымдары жан жақты зерттейді. Тәннің құрылымдық мүмкіндігін – эргономика, оның қуатын синергетика, тәннің информациялық кеңістігін, нақтылы айтқанда, мидың қызметіне қатысты қазіргі қауырт жетіліп келе жатқан білім саласы – информация және информациялық жүйе технологиясы зерттейді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы ұлы Абайдың жан мен тән туралы ой – тұжырымдарын әбден меңгерген шәкірті. Сонымен қатар осы салада ол өз зерттеулерін, өз пайымдауларын берген.

Шәкәрім Құдайбердіұлы 1912 ж. «Айқап» газетінде білімділерге күрмеуі қиын, мәні терең бес сауал жолдайды, ондағы мақсаты – осынау қиын сауалдардың жақсы деген жауаптарын жинақтап кітап қылып шығару екен. Бес сауалдың біріншісі: «Алланың адамды жаратудағы мақсаты не?», яғни, Алла адамды не үшін жаратты деген сұрақ. Екіншісі, «Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?», үшіншісі, «Адам өлгеннен кейін мейлі қай жөнімен болсын, яғни, қандай кейіпте болсын рахат, бейнет, сауап және азап бар ма?», яғни, тозақ пен жұмақ бар ма дейді, төртіншісі, «Ең жақсы адам қандай іс қалған кісі?», яғни, қандай адам қандай амалымен жақсы болады, бесіншісі, «Уақыт өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара жатыр ма, жоқ әлде керісінше азайып бұзылып бара жатыр ма?» дейді. Шәкәрімнің бұл сұрақтары бір ғасыр уақыт өтсе де өз өзектілігін жоғалтпаған, жоғалтпақ емес терең мәнді сұрақтар. Осы ретте Шәкәрім өзі берген сұрақтарының жауабын жалаң ақылмен шешу мүмкін еместігін алға тартып, Құранға жүгінеді, мысалы «Ғалақ» сүресінде «Алла Тағалла жеті қат аспанды және дәл сондай етіп жерді жаратты, осы аспан мен жер аралығында Алланың басқаруымен үздіксіз бұйыру істері жүріп тұрады», аяттың жалғасында «Алланың жеті қат аспан мен жерді жаратуының мақсаты: өзінің әрнәрсеге құдіретінің жететіндігін және өзінің теңдесіз ілімінің барлық нәрсені қамтитындығын, оның

білімінен тыс ешбір нәрсе болмайтындығын білулерің үшін» дейді. Яғни, ақиқатқа жету жолында Аллаға мойыұсына отырып, үнемі іздену керектігін алға тартады.

Екінші «Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?» сұрағы бойынша, негізі бұл сұрақтың мазмұны бірінші сұрақпен тығыз байланысты, ұқсас, мазмұны жақын, тоғысатын жерлері көп, адамның жаратылу мақсаты мен негізгі міндеті астарласып жатады. Күллі адамзатқа ой тастайтын бұл сұрақтардың да жауаптарын теологиялық бағытта исламды зерттеген Шәкәрім Құранның іздейді, мысалы, Құранның бірнеше аяттарында, хадистерінде Алла Тағалла «Мен бір жасырын қазына едім, білінуді, танылуды қаладым» дейді. Яғни, Алла бәрін жаратты, соның ішінде асылы Адамды жаратты, күллі әлем бір көрме, ал, оның саяхатшысы адам. Темек, ғаламды тамашалайтын адам. Бақара сүресінде Алла Тағалла періштелерге «... мен жер бетінде бір халифа жаратам», яғни, халифа деп отырғаны ол Алланың атымен іс әрекет қылатын адам, әмірін орындаушы, соған мойынұсынған адам. Яғни, жер бетіндегі нәрселерді құрастыруға, жасауға, өзгертуге, дамытуға мүмкіншілік берілген адам. Тек осы дамытатын, құрастыратын, өзгертетін, жасайтын нәрселері Алланың рұхсат және тыйым шеңберінде болуы тиіс, сол себепті Алланың атымен жұмыс жасайтын делінген. Үшінші сұрағы, «Адам өлгеннен кейін мейлі қай жөнімен болсын, яғни, қандай кейіпте болсын рахат, бейнет, сауап және азап бар ма?» дейді, яғни, жұмақ пен тозақ бар ма деген сұрақ. Бұл сұрақтың төңірегінде Шәкәрімнің жан мен тән туралы біраз ой толғауларын айтып кеткен болатынын, «жан мәңгі, тән уақытша» деген болатын. Әлемдік діндердің қайсібірі болмасын қияметтің ақиқат екекнін, ақыреттің болатындығын, адам жанының өлгеннен кейінгі өмірінің болатындығын айтып кеткен. Бұл барша діндердің тоғысатын жері, пікірі мен сенімін біріктіретін тұсы. Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің бір өлеңінде айтып кеткендей:

«Әлемдегі діндердің түп мақсұты
Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар,
Құдай бар, ождан дұрыс, қиямет шын,
Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар»

Яғни, Шәкәрім ақын ақыреттің барына имандай сенген, жұмақ бар, тозақ бар деп айтып кеткен, соны уағыз айтқан.

Төртінші сұрағы, «Ең жақсы адам қандай іс қалған кісі?», яғни, қандай ісімен адам ең жақсы адам деген атаққа лайық болады. Әрине, бұл сұраққа әртүрлі қырынан, сан түрлі етіп жауап беруге болады. Ислам дініне негізделі қойылған бұл сұраққа сол Құранның өзінен жауап іздесек, «Аллаға құлшылық етіп, салиқалы іс істеген адамдар» деген жауап алуға болады. Салиқалы іс деген, ол ізгілік іс, қоғамға пайдасы бар, адамзатқа пайдасы бар іс деген мағына береді. Яғни, қайырлы адам дегенді түсінуге болады, «қайырлы» деген сөздің астарында қайтуға амалдарымен дайындалып жүрген, тек жақсы амалдар жасауға талпынып жүрген адам мағынасында.

Шәкәрім Құдайбердіұлы білімділерге жолдаған бес сауалдың ақырғысында «Уақыт өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара жатыр ма, жоқ әлде керісінше азайып бұзылып бара жатыр ма?» дейді. Жалпы адамзат тарихына көз жүгіртсек, ақ пен қара, зұлымдық пен мейірімділік, әділдік пен әділетсіздік айқасып қатар жүр, бір кездері жамандықтың бағасы артып, асыл құнсызданып, қыз балалары тірілей жерге көміліп, әйел заты бейне бір зат секілді сатылып, сатып алынған болатын. Әділетті тек күш деп білетін, әлсіздер қорланған замандар болған. Мұсылман дінінде ең жақсы заман, ізгіліктің паш етіліп, шартарапқа тарауы басталған заманы болып исламның пайда болған заманы, яки, Мұхамед Пайғамбардың заманы деп есептелінеді. Шәкәрімнің бұл сауалды баршаға қойғанына ғасыр уақыт өтті, осы уақыт ішінде жақсылық та жамандық та болып жатырғаны аян.

Қорыта айтқанда Шәкәрімнің діни философиялық дүние танымы, мейірім мен зорлық, әділет пен зұлымдық, ғылым мен мораль, адам мен заман туралы толғаныстары қазақ философиялық ойларының дамуына қосылған зор үлес болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Құран Кәрім. Қазақша иағына және түсінігі. Аудармашы Халифа Алтай.
2. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Мұсылмандық шарты. 1993. Алматы, Қазақстан. 16 б.
3. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық. 1997. Алматы «Қазақстан» және «Ғақлия» ғылыми-әдеби орталығы. 5 б
4. Әбдіғазиев Б. Шәкәрім шығармаларының дәстүрлік және көркемдік негіздері. – Алматы: «Санат», 2001. – 338 б.
5. Құдайбердиев Ш. Өлеңдер мен поэмалары. – Алматы: «Жалын», 1988. 207 б.
6. Тілеуханова А. Шәкәрім шығармаларындағы шеберлік пен таным бірлігі. – Алматы: «Сана», 1995. 175 б.
7. Ізтілеуова С. Шәкәрім поэзиясындағы тұлға мәселесі. – Алматы: «Сана», 2000. 131 б.
8. Абай. Қара сөз. . Алматы, «Көшпенділер» баспасы. 2011. 95 б.

УДК 94(574)

ҚР ҰЛТТЫҚ БІРЛІК ДОКТРИНАСЫ-ҰЛТТЫҚ БІРЛІКТІ НЫҒАЙТУ КӨЗІ

Ахметшина Гульден Уалихановна

guldena_82@mail.ru

Тарих магистрі, аға оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - З. Кабульдинов

Адамзат тарихында доктрина феномені ең алдымен қоғам дамуының қуатты тетігі ретінде пайда болуы субъективтік адам факторы рөлінің, прогрестің қозғалтқышы ретіндегі рухани рөлінің артуымен байланысты

Доктрина – бұл өсиеттердің, бұлжымас ережелердің жазылған немесе жазылмаған жиынтығы, ол өзінің жалпыға қол жетімді де түсінікті, өмір тәжірибесінен құйылған адами армандарымен, үміттерімен және ұмтылыстарымен адамның ішкі жан дүниесін қоғамдық даму игілігіне барынша жұмылдыруға қызмет етеді. Адамзат доктриналардың нақты бір елдегі қоғамға және тұтастай әлемге орасан зор ықпал ететіндігінің көптеген мысалдарын біледі, басқа ресурстар олардың ықпалының қуаттылығымен, рөлімен және салдарларымен теңесе алмайды. Мұның айқын дәлелі ретінде, мәселен, Конфуцийдің, Монроның және т.б. доктриналарын келтіруге болады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясында Елбасы «Ассамблея бүгінде кәмелеттік кезеңге аяқ басты», - дей келе, оның алдында таяу жылдарда шешілуге тиіс бірқатар маңызды міндеттер қойды. Мұндай маңызды міндет ретінде Қазақстан қоғамының одан әрі дамуының негізгі мақсаттарын айқындайтын Ел бірлігі доктринасын дайындау туралы мәселе қойылды.[1,45 б.]

Бұл тұрғыда Доктрина бір жағынан, жинақталған тәжірибені қорыту болса, екінші қырынан алғанда, алға жылжудың, мемлекеттік саясаттың ұзақ мерзімді, орта мерзімді стратегиясын жүргізуге, елдегі бірлік пен келісімді одан әрі нығайтудың негізі болмақ.

Жалпы, Қазақстанның ұлт бірлігі Доктринасын әзірлеу және қабылдау процесі бірқатар кезеңді сәттерді айқындап берді:

Біріншіден, ол кең қоғамдық мәндегі идеологиялық құжат болып табылады;

Екіншіден, ол этносаралық қатынастардың терең қоғамдық-саяси маңызын және оларға қызығушылықтың жоғары екендігін көрсетті.

Доктринаны талқылау 2009 жылдың қарашасынан 2010 жылдың сәуіріне дейін жүрді. 500-ден аса пікірлер, ұсыныстар, ескертулер түсті, оның ішінде тек құжаттың аты бойынша